

ЕСТЕН КЕТЕР ЕМЕС



*К.Байсейітова – Сара
рөлінде*

Күләштің сахнада жасаған сом образдарын әлденеше рет көріп, жан жүрегіммен сүйсіндім. Алғашқы көруім 1934 жылғы ақпан айында болатын. Күләш Байсейітова, Қанабек Байсейітов, Шара Жиенқұлова, Жұмат Шанин, тағы басқа қазақ өнерінің саңлақтары бастаған Алматының сол кездегі музыкалы-драма театрының бір топ әртістері гастрольдік сапармен Семейге келіп, бұрынғы Луначарский атындағы клубта Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасын көрсетті. Мен ол кезде мұғалімдер даярлайтын курста оқып жүрген едім. Спектакль өшпес әсер қалдырды.

«Жақсыдан – шарапат дегендей, астаналық әртістер сол жолы Семей тұрғындарына үлкен жақсылық жасап кетті. Олар облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитетіне барып, Абай, Мұхтар туған жерден театр ашу керектігі туралы мәселе қойды.

Күләшті бұдан кейін көрулерім Алматыда болды. «Біржан-Сарадағы – Сара, «Қыз Жібек» спектакліндегі – Жібек, «Ер Тарғындағы» – Ақжүніс, «Аманкелдідегі» – Қадиша рөлдерін ойнады. Маған қатты әсер етіп, күні бүгінге дейін есімде қалғаны – Сара мен Жібек бейнелері. Мен өмір бойы сахнада жүріп, Күләштің Сарасы мен Жібегіндей адамның жан дүниесін баурап алатын, өзгеше бір күй кештіретін сом образдарды кездестіргенім жоқ.

Мен Күләшпен етене араласып кеттім деп айта алмаймын. Бірақ көрген жердегі амандық-сәлеміміз дұрыс еді. Сонда байқағаным, ол жайдары, іші-бауырына кіріп тұратын, аса қарапайым адам болатын. Жай жүргенде Күләшті атақты әнші, есімі әлемді шарлап кеткен өнер саңлағы емес, қазақтың қарапайым әйелдерінің бірі деп ойлап қаларлықтай еді.

Менмендігі жоқ, ешкімді жатырқамайтын, бір көрген адаммен де досындай сырласып, туысып кететін Күләштің осындай мінездері, ол жасаған алуан образдар ойымнан кетпейді.

«Семей таңы». – 1982. – 30 сәуір